

## Ақпараттық жүйелердегі өтініш беруші туралы мәліметтерді сәйкес келтіру мерзімдері мен қағидаларын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 246/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 14 шілдеде № 23531 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2024 жылғы 8 қазандығы № 639/НҚ бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 08.10.2024 № 639/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 17.02.2022 № 53/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" 2005 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған ақпараттық жүйелердегі өтініш беруші туралы мәліметтерді сәйкес келтіру мерзімдері мен қағидалары бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 05.09.2022 № 311/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш  
өнеркәсібі министрі*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрлігі

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі

*Б. Мусин*

Қазақстан Республикасы  
Цифрлық даму, инновациялар  
және аэроғарыш өнеркәсібі  
министрінің  
2021 жылғы 13 шілдедегі  
№ 246/НҚ бұйрығымен  
бекітілген

### **Ақпараттық жүйелердегі өтініш беруші туралы мәліметтерді сәйкес келтіру мерзімдері мен қағидалары**

**Ескерту. Мерзімдері мен қағидалары жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің 17.02.2022 № 53/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Осы Ақпараттық жүйелердегі өтініш беруші туралы мәліметтерді сәйкес келтіру қағидалары мен мерзімдері (бұдан әрі – Қағидалар) "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және ақпараттық жүйелердегі өтініш беруші туралы мәліметтерді сәйкес келтіру тәртібі мен мерзімдерін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар мен қысқартулар пайдаланылады:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтерді көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын занды тұлға;

2) ақпараттық жүйе – ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

3) ақпараттық жүйенің операторы – өтініш беруші туралы отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар түрінде әлеуметтік қолдау көрсетуге байланысты мәліметтерді жинауды, өндеуді және қорғауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, занды тұлғалар;

4) жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган – уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі;

5) құжаттың электрондық көшірмесі – төлнұсқа құжаттың түрін және ақпаратын (деректерін) электрондық-цифрлық нысанда толығымен көрсететін құжат;

6) Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі – Мемлекеттік корпорацияның қалалық, аудандық бөлімшелері;

7) өтініш беруші – жәрдемақы тағайындауға өтініш жасайтын жеке тұлға (бұдан әрі – жеке тұлға);

8) уәкілетті мемлекеттік орган – халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

3. Ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы мәліметтерді сәйкес келтіру үшін Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің немесе жәрдемақыны тағайындау

жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы жоқ мәліметтерді сәйкес келтіру жөніндегі ақпараттық жүйе операторына сұрау салуы негіз болып табылады.

## **2-тарау. Ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы мәліметтерді сәйкес келтіру тәртібі мен мерзімдері**

4. Ақпараттық жүйе операторынан ақпараттық жүйелерде жеке тұлға туралы сұратылып отырған мәліметтердің жоқ екенін растайтын электрондық құжаттарды алған жағдайда, жеке тұлға өтініш жасаған күні сұрау салуды жүзеге асырған мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі немесе жәрдемақыны тағайындау жөніндегі уәкілетті орган оны ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы мәліметтерді сәйкес келтіру үшін осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларын ұсыну қажеттігі туралы хабардар етеді.

Ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді сәйкес келтіру үшін құжаттардың түпнұсқаларын ұсыну қажеттігі туралы хабарлама осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің уәкілетті тұлғасының немесе жәрдемақыны тағайындау жөніндегі уәкілетті органның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦК) куәландырылған электрондық құжат түрінде беріледі.

5. Ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді сәйкес келтіру үшін жеке тұлға салыстырып тексеру үшін хабарламаны алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне немесе жәрдемақыны тағайындау жөніндегі уәкілетті органға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді сәйкес келтіру туралы өтінішті және құжаттардың түпнұсқаларын ұсынады:

1) жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі немесе қандастарға арналған шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхаты), егер жеке тұлға құжаттарды жеке өзі тапсыра алмаса, өкілге берілген нотариалды куәландырылған сенімхат;

2) ақпараттық жүйелерде жоқ жеке тұлға туралы мәліметтерді қамтитын кез келген ресми құжат.

Отініш жеке тұлға өтінішті берген күні ресімделеді және тіркеледі.

Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттың болмауы өтінішті тіркеуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

6. Ақпараттық жүйенің операторы ақпараттық жүйелерде жеке тұлға туралы сұратылатын мәліметтердің жоқтығын растайтын электрондық құжаттарды ұсынған кезде сұрау салуды жүзеге асырған жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган құжаттарды алған күні кент, ауыл, ауылдық округ әкімін хабардар етеді, (Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі болмаған кезде)

жібереді және өтініш берушіден ақпараттық жүйелердегі өзі туралы мәліметтерді сәйкес келтіруге жазбаша келісім алу қажеттігі туралы жеке тұлғаға ол арқылы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақпараттық жүйелердегі оның мәліметтерін сәйкес келтіруге жеке тұлғаның келісімін ұсыну қажеттігі туралы хабарлама жібереді.

Жеке тұлға кент, ауыл, ауылдық округ әкімі (Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі болмаған кезде) арқылы жәрдемақыны тағайындау жөніндегі уәкілетті органға жеке тұлғаға хабарлама берілген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бұрын ұсынған құжаттардың көшірмелері негізінде ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы мәліметтерді сәйкес келтіруге жазбаша келісімін ұсынады.

7. Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің уәкілетті тұлғасы немесе жәрдемақыны тағайындау жөніндегі уәкілетті орган жеке тұлғадан өтініш пен құжаттардың түпнұсқаларын қабылдаған күні құжаттардың электрондық көшірмелерін жасайды және құжаттардың түпнұсқаларын жеке тұлғаға қайтарады, одан кейін мынадай іс-әрекеттерді жүзеге асырады:

1) құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің немесе жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат түрінде сәйкес келтіруге ақпараттық жүйе операторына осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы мәліметтерді сұрау салу (бұдан әрі – сұрау салу) жібереді;

2) ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы мәліметтерді сәйкес келтіру үшін жеке тұлғаға өтінішті және құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат береді.

Жәрдемақыны тағайындау жөніндегі уәкілетті орган кент, ауыл, ауылдық округ әкімі (Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі болмаған кезде) арқылы ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді сәйкес келтіруге жеке тұлғадан алынған жазбаша келісімді қабылдаған күні жәрдемақыны тағайындау жөніндегі уәкілетті органның уәкілетті тұлғасы мынадай әрекеттерді жүзеге асырады:

1) ақпараттық жүйе операторына құжаттардың электрондық көшірмелері қоса берілген, жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат түрінде сұрау салу жібереді;

2) жеке тұлғаға кент, ауыл, ауылдық округ әкімі арқылы (Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі болмаған кезде) ақпараттық жүйелердегі ол туралы мәліметтерді сәйкес келтіруге жазбаша келісімнің қабылданғаны туралы қолхат жібереді.

8. Ақпараттық жүйе операторы Мемлекеттік корпорация бөлімшесінен немесе жәрдемақыны тағайындау жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуды

алған кезден бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде сұрау салуда және мұрағаттық құжаттарда қамтылған ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы мәліметтердің ақпараттық жүйелердегі мәліметтерге сәйкестігін тексереді, одан кейін ақпараттық жүйе операторы тексеру нәтижелері бойынша мынадай іс-қимылдарды жүзеге асырады, оларды мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне немесе жәрдемақыны тағайындау жөніндегі уәкілетті органға хабарлама жібереді:

1) сұрау салуда көрсетілген фактілер расталған кезде ақпараттық жүйелерге тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді, содан кейін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне немесе жәрдемақыны тағайындау жөніндегі уәкілетті органға ақпараттық жүйе операторының уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат түрінде осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы мәліметтерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы хабарлама жібереді;

2) сұрау салуда көрсетілген фактілер расталмаған кезде ақпараттық жүйе операторының уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат түрінде осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дәлелді себептерді көрсете отырып, ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы мәліметтерді сәйкес келтіруден бас тарту туралы хабарлама жібереді.

9. Ақпараттық жүйе операторының ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы мәліметтерді сәйкес келтіруі өтеусіз көрсетіледі.

Ақпараттық жүйелердегі өтініш  
беруші туралы мәліметтерді  
сәйкес келтіру мерзімдері  
мен қағидаларына  
1-қосымша

Кімге \_\_\_\_\_  
(өтініш берушінің тегін, атын,  
әкесінің атын (болған жағдайда)  
толық көрсете) деректемелер  
ЖСН: \_\_\_\_\_

мекенжайы бойынша  
тұратын

Телефон №\_\_\_\_\_

### **Ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді сәйкес келтіру үшін құжаттардың түпнұсқаларын ұсыну қажеттілігі туралы хабарлама**

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " № \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(Мемлекеттік  
корпорациясының бөлімшесі немесе жәрдемақыны тағайындау жөніндегі  
уәкілетті органның атауын көрсете) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ құжаттың келіп түсіне байланысты (сұратылған мәліметтердің жоқ екенін растайтын электрондық құжаттың атауын, оның нөмірін, күнін және берген органды көрсету) \_\_\_\_\_

(өтініш беруші туралы ақпараттық жүйelerde жоқ мәліметтердің тізбесін көрсету), Сізге үш жұмыс күні ішінде мынадай құжаттардың түпнұсқаларын ұсына отырып, ақпараттық жүйelerde көрсетілген мәліметтерді сәйкес келтіруге өтініш беру қажеттігі туралы хабарлаймыз:

1) \_\_\_\_\_

(өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі немесе қандастарға арналған шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхаты), ал адамның өкіліне – өкілдің жеке басын және өкілеттіктерін куәландыратын құжаттар);

2) \_\_\_\_\_

(өтініш беруші туралы ақпараттық жүйelerde жоқ мәліметтерді қамтитын құжат). Лауазымы (қолы) тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Хабарламаны алдым \_\_\_\_\_

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы, күні)

Ақпараттық жүйелердегі өтініш  
беруші туралы мәліметтерді  
сәйкес келтіру мерзімдері  
мен қағидаларына  
2-қосымша

Мемлекеттік корпорация  
бөлімшесінің немесе жәрдемақы  
тағайындау жөніндегі  
уәкілетті орган  
атауы: \_\_\_\_\_  
орналасқан жері: \_\_\_\_\_

азаматтан (шадан)

(өтініш берушінің тегі, аты,  
әкесінің аты (болған жағдайда)  
тұратын мекенжайы: \_\_\_\_\_)

(қала, көше, уйдің, пәтердің  
№, телефон №)

ЖСН \_\_\_\_\_

### **Ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді сәйкес келтіруге ӨТІНІШ**

"Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Сізден \_\_\_\_\_ құжаттың келіп түсіне байланысты (сұратылған мәліметтердің жоқ екенін растайтын

электрондық құжаттың атауын, оның нөмірін, күнін және берген органды көрсету) мына мәліметтерді \_\_\_\_\_ (ақпараттық жүйелерде жеке тұлға туралы жоқ мәліметтердің тізбесін көрсету) ақпараттық жүйеге (лерге ) сәйкес келтіруінде сұраймын.

Мен ұсынатын құжаттар негізінде:

1) \_\_\_\_\_ (өтініш берушінің жеке басын қуәландыратын құжат (Қазақстан Республикасы азаматының жеке қуәлігі немесе қандастарға арналған шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхаты), ал адамның өкіліне – өкілдің жеке басын және өкілеттіктерін қуәландыратын құжаттар);

2) \_\_\_\_\_  
(өтініш беруші туралы ақпараттық жүйелерде жоқ мәліметтерді қамтитын құжат).

20\_\_ жылғы "\_\_\_"  
Өтініш берушінің қолы \_\_\_\_\_

Ақпараттық жүйелердегі өтініш  
беруші туралы мәліметтерді  
сәйкес келтіру мерзімдері  
мен қагидаларына  
3-қосымша

Кімге \_\_\_\_\_  
(өтініш берушінің тегі, аты,  
әкесінің аты (болған жағдайда))  
ЖСН деректемелері:

мекенжайы бойынша тұратын  
Телефон  
№ \_\_\_\_\_

**Ақпараттық жүйелердегі өтініш беруші туралы мәліметтерді сәйкес келтіруге  
жазбаша келісім беру қажеттілігі туралы хабарлама**

20\_\_ жылғы "\_\_\_" № \_\_\_\_\_  
(құжаттың қайда тұсуіне байланысты  
Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің жәрдемақыны тағайындау жөніндегі  
үәкілетті органның атауын көрсету) мына құжаттың тұсуіне байланысты \_\_\_\_\_  
(сұратылған мәліметтердің жоқ  
екенін растайтын электрондық құжаттың атауын, оның нөмірін, күнін және  
берген органды көрсету) , Сізді әкімге (кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне)  
ұсынған құжаттардың: \_\_\_\_\_ (ақпараттық  
жүйелерде жеке тұлға туралы жоқ мәліметтердің тізбесін көрсету) көшірмесі  
негізінде ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы мәліметтерді сәйкес  
келтіруге үш жұмыс күні ішінде келісім беру қажеттілігі туралы хабарлаймыз.

1) \_\_\_\_\_ (өтініш берушінің жеке басын куәланышыратын құжат (Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі немесе қандастарға арналған шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхаты), ал адамның өкіліне – өкілдің жеке басын және өкілеттіктерін куәланышыратын құжаттар);

2) \_\_\_\_\_ (ақпараттық жүйелерде жоқ өтініш беруші туралы мәліметтерді қамтитын құжат).

Лауазымы (қолы) тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Хабарламаны алдым \_\_\_\_\_

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, күні)

Ақпараттық жүйелердегі өтініш  
беруші туралы мәліметтерді  
сәйкес келтіру мерзімдері  
мен қагидаларына  
4-қосымша

Мемлекеттік корпорация  
бөлімшесінің немесе жәрдемақы  
тагайындау жөніндегі  
үәкілетті органның

атауы \_\_\_\_\_  
орналасқан жері: \_\_\_\_\_

азаматтан (шадан)

\_\_\_\_\_  
(өтініш берушінің тегі, аты,  
әкесінің аты (бар болған  
жағдайда))

\_\_\_\_\_  
мекенжайы бойынша тұратын:  
(қала, көше, үйдің, пәтердің  
№, телефон №)

ЖСН

## Ақпараттық жүйелердегі өтініш беруші туралы мәліметтерді сәйкес келтіруге **КЕЛСІМ**

"Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы"  
Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Сізден құжаттың келіп түсуіне  
байланысты мәліметтерді ақпараттық жүйеге (лерге) сәйкес келтіруінізді  
сұраймын \_\_\_\_\_ (сұратылған  
мәліметтердің жоқ екенін растайтын электрондық құжаттың атауын, оның

нөмірін, күнін және берген органды қорсету) \_\_\_\_\_ (ақпараттық жүйелерде өтініш беруші туралы жоқ мәліметтердің тізбесін қорсету)

Әкімге (кент, ауыл, ауылдық округ) мен ұсынатын және дұрыстығына мен куәлік ететін құжаттар негізінде:

1) \_\_\_\_\_ (өтініш берушінің жеке басын куәландаратын құжаттың көшірмесі (Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі немесе қандастарға арналған шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхаты), ал адамның өкілі – жеке басын және өкілдің өкілеттіктерін куәландаратын құжаттардың көшірмелері);

2) \_\_\_\_\_ (ақпараттық жүйелерде жоқ өтініш беруші туралы мәліметтері бар құжаттың көшірмесі).

20 \_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_.  
Өтініш берушінің қолы \_\_\_\_\_

Ақпараттық жүйелердегі өтініш  
беруші туралы мәліметтерді  
сәйкес келтіру мерзімдері  
мен қагидаларына  
5-қосымша

(ақпараттық жүйе  
операторының атауы)

(мекенжайы)

### Ақпараттық жүйелердегі өтініш беруші туралы мәліметтерді сәйкес келтіруге сұрау салу

20 \_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_. № \_\_\_\_\_

1. \_\_\_\_\_

(Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесінің немесе жәрдемақыны тағайындау жөніндегі уәкілетті органның атауын қорсету) өтініш беруші туралы ақпараттық жүйелерде жоқ мәліметтерді сәйкес келтіруді сұрайды.

2. \_\_\_\_\_ (сұрауды алушы МО атауы)

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты және туған күні ЖСН деректемелері	Сұрау салудың себебі (деректердің болмауы)	Ақпараттық жүйеде жоқ мәліметтер тізбесі	Деректердің жоқтығы туралы мәліметтерді ұсынған ақпараттық жүйенің жауап хабарламасы туралы ақпарат	Өтініш беруші сұратылған мәліметтердің жоқ екенін растайтын электрондық құжаттың атауы, оның нөмірі және берілген күні
--	--	--	---	--

3. \_\_\_\_\_ (сұрау салуды жүзеге асырған Мемлекеттік корпорация бөлімшесі қызметкерінің немесе жәрдемақыны тағайындау жөніндегі уәкілетті орган маманының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және лауазымы).

Қосымша (құжаттардың электрондық көшірмелері):

1) \_\_\_\_\_ (өтініш берушінің жеке басын қуәландыратын құжат (Қазақстан Республикасы азаматының жеке қуәлігі немесе шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты), ал адамның өкілі – өкілдің жеке басын және өкілеттіктерін қуәландыратын құжаттар);

2) \_\_\_\_\_ (ақпараттық жүйелерде жоқ өтініш беруші туралы мәліметтерді қамтитын құжат).

Лауазымы (қолы) тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Ақпараттық жүйелердегі өтініш  
беруші туралы мәліметтерді  
сәйкес келтіру мерзімдері  
мен қагидаларына  
6-қосымша

(Мемлекеттік корпорацияның  
бөлімшесінің немесе жәрдемақы  
тағайындау жөніндегі уәкілетті  
органның атауы)

(мекенжайы)

**Ақпараттық жүйелердегі өтініш беруші туралы мәліметтерге өзгерістер және (немесе)  
толықтырулар енгізу туралы / ақпараттық жүйелердегі өтініш беруші туралы  
мәліметтерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуден бас тарту туралы  
хабарлам**

Ескеरту. 6-қосымша жаңа редакцияда – КР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 05.09.2022 № 311/НҚ (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20\_\_ жылғы "\_\_" № \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (ақпараттық жүйе операторының атауын көрсету) ақпараттық жүйелердегі өтініш беруші туралы мәліметтерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы / ақпараттық жүйелердегі өтініш беруші туралы мәліметтерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуден бас тарту туралы хабарлайды:

Қазақстан  
Республикасын  
ың Цифрлық

					д а м у , инновациялар және аэрогарыш өнеркәсібі министрінің бұйрығымен бекітілген Ақпараттық жүйелердегі өтініш беруші туралы мәліметтерді сәйкес келтіру мерзімдері мен қағидаларының 8-тармағында көзделген ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді с ә й к е с келтіруден бас тарту үшін ақпараттық жүйелерде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар/ негіздемелер 2021 жылғы 13 шілдедегі № 246 / Н К (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік т і р к е у тізілімінде № 23531 болып тіркелді)
Ақпараттық жүйелердегі өтініш беруші туралы мәліметтерді сәйкес келтіруге сұрау салудың нөмірі мен күні	ж е к е тұлғанының ЖСН	Teri	Аты	Әкесінің аты	

Лауазымы (қолы) тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)